**Ресми рецензент: PhD, қауымдастырылған профессор Жорабекова А.Н.**
**«6D011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тулекенова Динара Толеубековнаның «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Рецензенттің ұстаным бағыты сәйкес. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Рецензияға ұсынылған диссертациялық жұмыс дербес ғылыми сала ретінде шеттілдік білім берудің басым бағыттарына, білім берудің когнитивтік парадигмасына, лингводидактикаға, сондай-ақ Үкіметтің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның | Жұмыс жаңартылған шеттілдік білім беру әдістемесі тұрғысынан жазылған және ерте шеттілдік білім беруді дамытуға елеулі үлес |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған. | қосады. Тұжырымдаманың өзегі шеттілдік білім берудің когнитивті-лингвомәдени, құзырлық, интерактивті-дидактикалыққа негізделген әдістемелік тәсілдермен байланыста когнитивтік-іс-әрекет, ақпараттық-интерактивті және селективті-коммуникативтік әмбебап ғылыми принциптер кешенін қамтиды. Әдістемелік аппарат кәсіби тұжырымдаманың нақты ғылыми кәсіби-негізделген және кәсіби-анықтау мазмұнынды құрамдас бөліктерімен толықтырылған. Модульдік жүйеге негізделген кәсіби тұжырымдаманың зерттеу құбылыс нәтижесіне әсер ететін жалпы және жеке заңдылықтарының жиынтығы анықталды. Кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы қалыптасуына әсер ететін жалпы заңдылықтардың ішінде осы дидактикалық құбылысқа әсер ететін және оның тұтас, ашық, гуманистік мәнін ашатын мақсаттар мен технологиялар арқылы модель тиімділігін анықтайтын пәндердің модульдік мазмұны болып табылады.<br>Осылайша, дәл осы факторлар АКТ-ны жүзеге асыруды ескере отырып, кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияны қалыптастырудың тиімді жаңа жолдарын белсенді іздеуді анықтайды. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Д.Т. Тулекенованың диссертациялық зерттеуі өте өзекті және орынды, өйткені қазіргі заманғы шеттілдік кәсіби білім беру жағдайында болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерін қарастырылып отырған компетенцияны қалыптастыру және дамыту мәселелерін қозғайды. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Рецензияланатын диссертациялық зерттеудің дербестік деңгейі жоғары, оны жұмыстың мақсаты мен міндеттерін қоюдан және зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді терең талдаудан байқауға болады. Диссертант болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың әдістемелік моделін негіздеді, сонымен қатар, осы модельді және қарастырылып отырған компетенциясының пәндік-процессуалдық мазмұнының тәжірибелі-эксперименттік оқыту барысында алғаш рет апробациялады, бұл диссертация авторының сөзсіз дербес орындағанын көрсетеді. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің | Д.Т. Тулекенова диссертациясының өзектілігі АКТ және әзірленген |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | негіздемесі:<br>**1) негізделген;**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | стратегиялық ғылыми теориялық парадигмасымен негізделген. Бастауыш мектепте шетел тілдерін оқыту үшін мұғалімдерді шеттілдік даярлау саласындағы зерттеулер бар, бірақ олардың кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру мәселелері толығымен шешілмеген және тереңірек түсінуді талап етеді. Тек шеттілдік қызметін жүзеге асыруға ғана емес, сонымен қатар АКТ жүзеге асыру шартында қатысымның белсенді қатысушысы ретінде әрекет етуге қабілетті бастауыш мектепте шетел тілдерін оқыту үшін мұғалімдерін даярлау қажеттілігі зерттеудің өзектілігін анықтайды. Д.Т.Тулекенованың жұмысындағы зерттеу пәні – шеттілдік кәсіби білім берудің заманауи теориясы мен практикасы үшін өзекті болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесі. Шеттілдік білім беру әдістемесіне қосқан маңызды үлесі «кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция» жаңа категориясын тек кәсіби бағытталған іс-әрекеттерге дайындығы ғана емес, сонымен бірге мәдениетаралық коммуникативтілікке де дайын болу ретінде негіздеу болып табылады. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>**1) айқындайды;**<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Орындалған диссертациялық зерттеу мазмұнының оның тақырыбына сәйкестігі расталады. Жұмыста қазіргі заманғы жоғары шеттілдік кәсіби білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары ұсынылған, осыған байланысты терминдер мен ұғымдарға егжей-тегжейлі талдау жасалған, мысалы: «мәдениетаралық коммуникативті компетенция», «кәсіби- -когнитивті-коммуникативтік компетенция» және т.б. Жұмыстың теориялық бөліміндегі мәселелердің фактілері мен шеттілдік және шеттілдік кәсіби білім беру бойынша сұрақтарды қарастырған ауқымы бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің қазіргі жай-күйінен автордың хабардарлығын көрсетеді. Д.Т. Тулекенованың өзіндік құрылымдауы мен сыни талдауларында әртүрлі теориялар мен тәсілдердің ортақ жанасуын табады. Диссертант зерттеу әдістерінің, диагностикалық құралдардың және иллюстрациялық материалдың кең мөлшерінде өте дұрыс және орынды пайдаланды. Екінші тарауда автор эксперименттік жұмыс |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | барысында болашақ бастауыш мектеп шетел тілдері мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың әдістемелік моделін, соның ішінде жаттығулар мен тапсырмалар кешенін негіздеп, апробациялады.<br>Үшінші тарауда тәжірибелі-эксперименттік оқытудың бүкіл өткізу барысы сипатталған. Осылайша, зерттеудің мазмұны мәлімделген диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді және оны айқындайды деп қорытынды жасауға болады. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>**1) сәйкес келеді;**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Жұмыстың құрылымы мен тараулардың мазмұнын анықтайтын зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты және логикалық тұжырымдалған, түпкілікті нәтижеге жетуге бағытталған және диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу міндеттері қойылған мақсатпен анықталады және мәселені шешудің кезекті кезеңдерін көрсетеді.<br>Диссертация тақырыбы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>**1) толық байланысқан;**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Д.Т. Тулекенованың диссертациялық жұмысы кіріспеден, үш тараудан, тараулар бойынша нәтижелерден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Әрбір тарау бөлімдерінің қорытындылары қойылған міндеттердің шешімін анықтайды және диссертанттың алған ғылыми нәтижелерін көрсетеді. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде өзара байланысты, алынған нәтижелердің бірлігін байқауға болады, жұмыстың анық және логикалық дәйекті құрылымы бар.<br>Жалпы жұмыс логикалық және сауатты түрде құрылған. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>**1) сыни талдау бар;** | Диссертант келтірген дәлелдер мен жоғары шеттілдік білім беру саласындағы жаңа шешімдер әділ және заңды. Әрбір қорытынды үшін берілген көзқарасты немесе қорытындыны растайтын дәлелді теориялық және әдіснамалық негіз берілген. Нәтижелердің, қорытындылардың, ұсыныстардың сенімділігі мен негізділігін растайтын зерттеу тақырыбы бойынша әдістемелік әдебиеттер мен ғылыми еңбектерге сыни талдау жүргізілгенін атап өткен жөн. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға сыни талдаулар жүргізген. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделі мен кәсіби тұжырымдамасы негізделді және дәлелдемелік базасы бар. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Рецензиялауға ұсынылған жұмыста болашақ бастауыш мектеп шетел тілдері мұғалімдерінің «кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының» жаңа түсіндірмесі берілген. Бұл компетенцияның келесі субкомпетенциялардан тұратын құрамы ұсынылған: лингво-мәдени, кәсіби-ақпараттық, лингво-дидактикалық. Барлық анықталған субкомпетенциялар негізінде осы компетенцияны бағалайтын критерийлері сипатталған. Диссертант кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияны қалыптастырудың әдістемелік моделін ұсынды.Ұсынылған модель ҚР-ның шеттілдік кәсіби білім беруідегі АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлау мен дамытуға мақсатты түрде ықпал етуге мүмкіндік береді. Осы модельді жүзеге асыру үшін зерттеу аясында бастауыш мектептердің болашақ шетел (ағылшын) тілі мұғалімдерін даярлаудың кәсіби тұжырымдамасының ұғымы когнитивтік-лингвомәдени, құзырлық және интерактивті-дидактикалық жиынтық тәсілдері мен когнитивті-іс-әрекеттік, ақпараттық-интерактивті және селективті-коммуникативті ғылыми принциптермен байланыста ғылыми айналымға енгізілді. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссератция қорытындылары жаңа деп есептелінеді. Себебі болашақ бастауыш мектеп шетел тілдері мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы ұғымының мәні мен оны құрайтын субкомпетенциялары алғаш рет анықталды. Сонымен қатар, «базалық шетел тілі», АКТ мен «Ерте шеттілдік білім берудің әдістемесі мен технологиясын» интегративті оқыту модулінде қарастырды. Сондықтан жұмыста ұсынылған әрбір қорытынды жаңа болып есептеледі.<br>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми көзқарас дәлелдерге негізделген және жеткілікті түрде жақсы дәлелденген. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, | Берілген бағалау критерийлері рецензиялық жұмыста |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | қолданылмайды.Диссертация гуманитарлық пәндер бағытында орындалған және техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару шешімдерін мақсат етпейді. |
| 6. | Негізгі корытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми маңызды және ауқымды дәлелдемелерге сүйеніп, дұрыс таңдалған ғылыми зерттеу әдістемесі мен әдістеріне негізделген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>**1) дәлелденді;**<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>**2) жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**1) ия;**<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар; | 7.1 Қорғауға ұсынылған Қағидаттар дәлелденді. Диссертациялық жұмыстың теориялық бөлімдеріндегі ережелер ғылыми-әдістемелік тұжырымдамаларға, зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасауға және шетел тіліндегі кәсіптік білім беруде сауалнамалар мен бақылауларға негізделген өзіндік практикалық тәжірибеге негізделгендігімен расталады. Практикалық бөлімде ережелер эксперименттік жұмыс барысында тексерілді, бұл зерттеу болжамын растады. Барлық ұстанымдар үш субкомпетенциялардан теориялық тұрғыдан зерттелуімен және оларды қалыптастыруға арналған жаттығуларды әзірлеуімен расталды.<br><br>7.2 Қағидаттар тривиальды емес, өйткені олар қорғауға алғаш рет ұсынылып отыр.<br>Модельдің құрамдас құрылымы ғылыми-әдістемелік тұжырымдамаларға, зерттеу мәселесі ұйымдастырылған төрт компоненттен тұрады: мақсатты, концептуалды, процессуалды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) орташа;<br>**3) кең**<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**1) ия;**<br>2) жоқ | бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдауға және шетел тіліндегі кәсіптік білім беруде сауалнама жүргізуде және бақылау арқылы өзіндік практикалық тәжірибеге негізделген.<br><br>7.3. Қағидаттар жаңа. Диссертация авторы 5 блоктан тұратын: мақсатты, концептуалды, процедуралық, бағалаушы және тиімділік конструкциясы болып табылатын болашақ ИНС мұғалімдерінің кәсіби-танымдық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеп, ұсынды. Модельді құру кезінде құзыреттілік, когнитивті-лингвомәдени және интерактивті-дидактикалық тәсілдер негізге алынды.Тәжірибелік жұмыста дидактикалық шарттар жүзеге асырылады, бұл ретте АКТ және ойын технологияларына негізделген жаттығулар орындалады.<br><br>7.4. Білім және гуманитарлық ғылымдар саласында қолдану деңгейі кең. Докторант университеттің оқу үдерісіне «Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері» интерактивті модулін әзірлеп, енгізді, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін оқыту әдістемесі» оқу құралын әзірледі.<br><br>7.5 Қорғауға ұсынылған қағидалар 12 басылымда дәлелденген және бекітілген: олардың біреуі Scopus деректер базасына енгізілген журналда, төртеуі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, бір мақала РҒДИ (РИНЦ) негізіндегі журналда және шетелдік және халықаралық конференциялар материалдарындағы алты мақала жарық көрген. |
| 8. | Дәйектілік принципі<br>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>**1) ия;**<br>2) жоқ | Диссертацияның кіріспесінде автор қолданатын әдістерін атап өткен. Диссертацияда шет тілін оқыту, тіл дидактикасы, студенттерге шет тілін оқыту мәселелерін қарастыратын отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Диссертация тақырыбының ауқымдығы кең болғандықтан әдіс-тәсілдері негізделіп және олардың қолдану жолдары көрсетілген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>**1) иә;**<br>2) жоқ | Ізденуші жұмысын дайындау барысында ақпаратты интернет платформаларында орналасқан өзінің тақырыбына келетін ғылыми еңбектерді оқыған. олданылған эмпирикалық әдістер сауалнама, тестілеу, педагогикалық эксперименттер, бақылау, оқу процесін талдау болды. Алынған нәтижелер математикалық статистиканың көмегімен өңделді. Диссертант компьютерлік технологияларды қолдану арқылы керек жкмыстарын жинап, шолу жасағанын байқауға болады және тақырыптың мақсаты мен міндеттеріне сай сілтемелер берген. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>**1) иә;**<br>2) жоқ | Иә, ізденуші кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделі мен бірінші енгізілген кәсіби тұжырымдамасын теориялық дәлелдеп, тәжірибелік-эксперимент арқылы растады. Диссертация авторы жоғары шетел тілді кәсіптік білім беруде кәсіби компетенцияны қалыптастырудың ұсынылып отырған моделінің тиімділігін тестілеу туралы мәліметтерді ұсынады, бірінші енгізген «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін оқыту әдістемесі» элективті интегративті модуль аясында студенттерді эксперименттік оқытудың нәтижелерін ұсынады. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған | Жұмыста келтірілген мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған, әсіресе теория түйіндейтін отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың зерттеу нәтижелері мен ауқымды тұжырымдары жұмыста орынды да логикалық дұрыс келтірілген. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз | Пайдаланылған дереккөздердің тізімінде қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі 147 атау бар, олар мазмұны жағынан да, саны жағынан да жеткілікті деп есептеймін. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>**1) ия;**<br>2) жоқ | Ізденуші зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерінің теориялық, қолданбалық маңыздылығын дәлелдей алды. Нақтылайтын болсақ, жұмыстың теориялық маңыздылығы, оның нәтижелерінің шеттілдік білім беру әдістемесінде, болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделі мен жолдарын нақты көрсеткен. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>**1) ия;**<br>2) жоқ | Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар екені бірнеше рет жоғарыда айтылып кетті. Соның ішінде:<br>- бастауыш мектепте шетел тілдерін тәжірибелі-бағдарлы оқытуға және оқу жоспарларын құру үшін жаңа интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі ұсынылды;<br>- электронды құралда Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдану арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін оқыту әдістемесі» ұсынылған ақпараттық технологияларды қолдана отырып, мұғалімдерге арналған электронды оқу-әдістемелік құралы дайындалды. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Практикалық ұсыныстар маңыздылығы толығымен жаңа болып табылды. Себебі «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін оқыту әдістемесі» атты оқу құралы әзірленіп, оқу үрдісіне енгізілді. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Ізденушінің зерттеу жұмысы тақырыпқа сай жазылған, теориялық, практикалық құндылығы жоғары, зерттеу жұмысы. Зерттеу жұмысы тақырып бойынша отандық, шетелдік ғылыми-әдіскерлердің зерттеу еңбектерін қамтыған, барынша ұтымды пайдаланған.<br>Аталған кемшіліктер мен түзетулер жұмыстың мазмұнының жүйелілігі мен оның құндылығына нұқсан келтірмейтіндіктен зерттеу қорғауға ұсынылады. |

Қортынды:

Тулекенова Динара Толеубековнаның «6D011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» атты диссертациясы аяқталған ғылыми-практикалық жұмыс болып табылады. Д.Т. Тулекенованың диссертациялық зерттеуі шеттілдік білім берудің отандық әдістемесіне елеулі үлес қосады. Сонымен қатар, зерттеу перспективасы ретінде мен докторантқа келесі ескертулерді ұсынғым келеді:

1. Шетел тілі (ШТ) сабақтарында студенттердің мәдениетаралық кәсіби және коммуникативтік компетенциясын дамыту үдерісінде әртүрлі оқыту жағадаяттарын құру үшін сараланған тәсілді қолдану.
2. Зерттеудің стилистикалық және орфографиялық қателерін түзету.

Бұл пікірлер ұсыныстық сипатта және орындалған диссертациялық зерттеудің мазмұны мен бағасын төмендетпейді. Тулекенова Динара Толубековна «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігі, теориялық және практикалық маңыздылығы жағынан «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияға қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді және Тулекенова Динара Толубековнаға «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау туралы шешімді қолдаймын.

**Ресми рецензент**:
Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор,
«Техникалақ мамандықтар бойынша шетел тілі» кафедра меңгерушісі,
М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Жорабекова Айнур Назимбековна
e-mail: ainur.zhorabekova@auezov.edu.kz
phone: 87755457307

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
ҚЖЖ бөлімінің
басшысы